

С. Б. Сыздықов, 3-курс

**Фылыми жетекшісі: инициалы Телемісов, қылмыстарды алдын ала тегеу кафедрасының оқытушысы
(КР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

ЛАҢҚЕСТІК ПЕН ЭКСТРЕМИЗМДІ ТЕРГЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Сонғы жылдары экстремистер өз мақсаттарына жету үшін «қанды террорлық» әрекетті құрал ретінде қолданып, әлем жүртшылығын аландатып отыр. Экстремизмнің қай түрі болса да тұтас әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің аумақтық тұтастығына, азаматтардың құқығына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді. Кез келген ел үшін діни экстремизмнің ең қауіпті түрі — діни ұранды бүркемелеп ұлттар және діндер арасына от қойып, шағыстыру. Оның арты үлкен қақтығыстарға әкеледі. Діни экстремизмнің негізгі мақсаты — өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екенін мәжбүрлі турде мойыннату. Одан қала берді, халыққа өз діндеріне сай құқықтық нормаларды жасап, бөлек мемлекет құру.

Терроризм — қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың шешім кабылдауына ықпал ету мақсатында не мемлекет, не қоғам қайраткерлерінің қызметін тоқтату немесе осындағы қызметі үшін кек алу мақсатында жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты құқыққа қарсы қылмыстық жазаға тартылатын әрекет немесе оны жасаймын деп коркыту (КР «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заны). Ал Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Занында «Экстремизм — жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауды» делінген. Атап өту керек, лаңқестік фактілері ара-тұра елімізде бұрындары да болып тұрган, бірақ бұл жекелеген және оқшауланған әрекеттер болатын. Алайда соңғы бірнеше жылда Қазақстанда терроризм қаупі күшейіп кетті. «Терроризм» бабы бойынша қылмыстық жауапқа тартылған тұлғалардың саны арта түсті. Жыл сайын бұл бап бойынша жауапқа 10-20 адам тартылуда. Ендігі бір көрсеткішке сүйенсек, өткен жылы Қазақстанда тәркіленген экстремистік материалдардың көлемі оның алдындағы төрт жылдың жиынтықты қөлемінен асып кеткен. Бұл тек ІІМ бойынша ғана берілген деректер.

Сонғы бірнеше жылда Қазақстан азаматтарының басқа елдердің аумақтарында лаңқестік әрекеттерге қатысу жағдайлары да көбейіп кетті. Яғни, үрейлі хабарламалар жиілей түсті. Сондықтан да биылғы жылдың оқиғалары бір тізбектің буындары ғана емес, олар елдің ішінде терроризм қаупінің жалпы өрши түсінен байланысты болып отыр.

Елімізде 2005 жылдың 18-ақпанында «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданды. Осы заңның 10-бабы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деп аталады. Осы бап жоғарыда аталған БҰҰ-ның «Галамдық террормен күрес» стратегиясына сәйкес еді. Демек, еліміз

аталған стратегиядан бір жыл бұрын қабылданған заны арқылы экстремизм мен терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп күресуге әбден дайын.

Қазақстан өзі тарағынан аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, сонымен қатар, демократиялық, әділ және ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнату үшін қолынан келгенненің бәрін жасап жатыр. Соның бір мысалы ретінде Қазақстанның 1996 жылы «Шанхай бестігі» деген атаумен құрылып, 2001 жылдың 1-маусымынан бастап Шанхай ынтымактастық үйімі аталған құрылым аясындағы экстремизм мен терроризмге қарсы нақты іс-шараларын айтуга болады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында «Қылмыстық сот ісінің онтайлы моделі жасалмайынша мемлекеттің қылмыстық саясаты тиімді болмак емес. Сондықтан қылмыстық-іс жүргізу құқығын дамыту перспективалары туралы айтқанда, Республиканың қолданыстағы Қылмыстық-іс жүргізу кодексі негізінен, қылмыстық әділет жүйесін қазіргі уақыттағы демократиялық, құқықтық мемлекеттің сипаттарына сәйкес келтіргенін атап өткен жөн. Зан шығарушының басты мақсаты тікелей қолданылатын, зандардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын айқындайтын және әділ сотпен қамтамасыз ететін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы конституциялық нормаларды тануға негізделген қылмыстық іс жүргізу занын қалыптастыру болатын. Сол себепті қылмыстық-іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы қылмыстық сот ісінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауга бағытталған негізін қалаушы қағидаттарын дәйекті түрде одан әрі іске асыру болып қала бермек. Бұл үшін қылмыстарды, жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылықта тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық занды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заннамасын және жедел-іздестіру қызметі туралы заннаманы тиімді қолдануды көздейтін онтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі» дедінген.

Ақордада Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтіп, онда Елбасы құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдарға діни-экстремистік құбылыстарды анықтау және оларға дереу үн кату жөніндегі тапсырмалар берген болатын.

Экстремизмге қарсы іс-кимылдың негізгі міндеттері — экстремизмнің көрініс беру нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасында оны жүзеге асыруға жол бермеу, экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауды болғызыбау, азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Біз қазір құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерге қарсы бағытталған террористік іс-кимылдардың орын алғандығын көріп отырмыз. Мұндай әрекеттердің қоғамдық нысандарда орын алуына жол бермеу керек. Сол себепті қазіргі уақытта терроризмге қарсы жалпы дайындықты арттыра тұсу өзекті мәселе болып отыр. Кезінде қоғамдық орындарда — саябақ, әуежай, сауда және көңіл көтеруге арналған орталықтарда тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуші қызметкерлер терроризмге қарсы даярлықтың жалпы курсын өту керектігі туралы ұсыныс жасалған болатын, өйткені төтенше жағдайларда олардың бірігіп кимылдауына көп нәрсе байланысты болмак.